

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттарын шет елдерде оқытуға ақы төлеуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 дыоғы 8 қыркүйек N 1333

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375 U973375_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын тағайындаудың тәртібі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттарын шет елдерде оқытуға ақы төлеуге 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен 342 940 (үш жүз қырық екі миллион тоғыз жүз қырық) мың теңге бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттарын шет елдердің жоғары оқу орындарында оқытуға ақы төлеуді заңдарда белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты жұмсалуды бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК